

III МОДУЛЬ

ӘКІМШІЛІК
СОТ ІСІН
ЖҮРГІЗУДІҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

7-сабақ

Сот отырысының хаттамасы



1. Тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

жауапкер өкілі
жылжымайтын мүлік
істің мәні бойынша
адамдардың
түсініктемелері
сілтеме жасайтын
мән-жайлар
шешім шығару

куәні шығару
ауғақтар беру
қәлелдер келтіру
куәдан жауап алу
сот отырысын ашу
шешімді жария ету
қарсылық білдіру
сот құрамынан бас тарту
наразылықтарын сотта қарау



2. Тыңдаңыз, қажетті сөздерді жазыңыз.

қарсылық
сот құрамынан
наразылықтарын
шешім
ауғақтар
куәні
қәлелдер
куәдан
сот отырысын
шешімді



3. Хаттаманың құрылымын тыңдаңыз, бос орындарды толтырыңыз.

1. ашу
2. келуін тексеру
3. куәні шығару
4. Іске қатысушылардың түсіндіру
5. Соттың іске шешу
6.
7. түсініктемелері
8. жауап алу
9. зерттеу
10. аяқтау
11. жарыссөзі
12. Репликалар
13. шығару
14. жария ету



4. Тыңдалымның көмегімен сәйкестендіріңіз.

Шешім

Куәдан

Құжаттарды

Істің

Сот

Шешімді

Сот отырысын

Процеске қатысушылардың келуін

Сот отырысы залынан

Іске қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін

Соттың іске қатысушы адамдардың

Істі

Іске қатысушылардың

тексеру

куәні шығару

түсіндіру

өтініштерін шешу

басталуы

түсініктемелері

шығару

зерттеу

қарауды аяқтау

жарыссөзі

жария ету

жауап алу

ашу



5. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

баяндау - баяндаңыз

түсіндіру

жіберу

қарастыру

хабарлау

тұжырымдау

зерттеу

білдіру

жауаптар - жауаптарыңыз

міндеттер

пікірлер

сұрақтар

қарсылықтар

талаптар

құқықтар

өтініштер



6. Туісті сұраулық шылауларды жазыңыз. Оқыңыз.

ма? ме? ба? бе? на? не?



Судья

Аудармашының көмегі қажет _____?

Залда куәлар бар _____?

Сіздерге құқықтарыңыз бен міндеттеріңіз түсінікті _____?

Тараптар, өтініштеріңіз бар _____?

Жауапкер және мүдделі тұлға, аталған өтінішке пікірлеріңіз, қарсылықтарыңыз бар _____?

Жауапкер, қойылған талапты мойындайсыз _____?

Тараптар, істі бітімгершілік келісімімен немесе медиация тәртібімен реттеуге ниет білдіресіздер _____?

Жауапкер, талаптарға қарсы пікіріңіз бар _____?

Мүдделі тұлға талап қоюға сіздің пікіріңіз бар _____?

Куәға сұрақтарыңыз бар _____?

Істің құжаттарын жариялаудың қажеттігі бар _____?



7. Сұқбатты оқыңыз.

Төрағалық етуші: -
тараптар, өтініштеріңіз
бар ма?

Талап қоюшы: - келесі сот отырысына
жылжымайтын мүлікті тіркеу органдарынан
жер-қадастрлық ісін алдырту керек, себебі
оның ішінде жергі беру туралы толық
құжаттары бар.

Төрағалық етуші: - жауапкер
және мүқделі тұлға, аталған
өтінішке пікірлеріңіз қалай,
қарсылықтарыңыз бар ма?

Тараптар: Қарсылығымыз жоқ.



8. Сұқбат бойынша ақпаратты растаңыз.

Сөйлемдер	құрыс	бұрыс
Тараптардың өтініштері бар.		
Сот отырысына жылжымайтын мүлікті тіркеу органдарынан жер-қадастрлық құжатын алдыртты.		
Жауапкер мен мүқделі тұлға, аталған өтінішке пікірлері мен қарсылықтары жоқ.		
Жергі беру туралы толық құжаттары бар.		



8. Сұқбатты тыңдаңыз, бос орындарды толтырыңыз.

— Төрағалық етуші: істі мәні бойынша _____ жариялаймын. Талап
қоюшы, _____ қолдайсыз ба?

— Талап қоюшы: талап қоюымды _____, қанағаттандыруын сұраймын.

— Төрағалық етуші: Жауапкер, қойылған талапты мойындайсыз ба?

— Жауапкер: — _____, біздің іс-әрекетімізде _____
_____ орын алған жоқ. Талаптарды _____ сұраймын.

— Төрағалық етуші: -Тараптар істі _____ немесе қауды
(жанжалды) _____ ниет білдіресіздер ме?

— Талап қоюшы: - _____, келісемін.

— Жауапкер: - біздің _____, татуласуға қарсымыз, оңдай құзыретімізде
жоқ.



10. Берілген бейнематериалдың көмегімен шешімнің толық нұсқасын қауындаңыз.



QR-code қосымшасы
арқылы бейнематериалды
көріңіз

СОТ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

22 шілде 2021 жылы

Қарағанқы қаласы

Сот отырысын ашу

Төрағалық етуші: Тараптар отырыңыздар. Сот отырысын ашық деп жариялайды. Талап қоюшы Марат Саянұлы Айтбаев «Қарағанқы қаласы жер қатынастар бөлімі» ММ жер телімін заңсыз беру туралы талап қоюы бойынша әкімшілік іс қаралады.

Сот отырысы аудио-бейне құралдарын пайдалану арқылы жазылатынын тараптарға хабарлаймын.

Процеске қатысушылардың келуін тексеру

Төрағалық етуші: - хатшы, сот отырысына қатысушыларының келгені туралы баяндаңыз.

Сот отырысының хатшысы — сот отырысына талап қоюшы М.Айтбаев, жауапкер өкілі Н.А. Досаев, «СтройКаз» ЖШС-нің мүдделі тұлғаның өкілі Петрова А.С. және куәгер Жанаева Ж.К. қатысып отыр.

Төрағалық етуші:

Аудармашының көмегі қажет пе?

Талап қоюшы: түсінемін, қажеті жоқ.

Сот отырысы залынан куәні шығару

- Залда куәлар бар ма?

- Сіздерді залдан шығуды сұраймын.

Сот құрамын жариялау және қарсылық білдіру құқығын түсіндіру

Төрағалық етуші: Сот құрамы жарияланады. Әкімшілік іс Қарағанқы облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы Н.С.Бексұлтанов, хатшылықта С.А. Бекова сот құрамында қаралады. Тараптар судьяға, сот отырысының хатшысына, қарсылық білдіруге құқылы.

Қарсылық білдіресіздер ме?

Іске қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру

Тараптар сіздерге заңмен бекітілген құқықтарыңыз бен міндеттеріңізді түсіндіремін.

Сіздер әкімшілік істің материалдарымен танысуға, олардан үзінді-көшірмелер жасауға және көшірмелерін түсіріп алуға, дәлелдемелер ұсынуға және оларды зерттеуге қатысуға, куәларға, сарапшыларға және мамандарға сұрақтар қоюға, берілген талап қою бойынша ауызша және жазбаша түсініктемелер, айғақтар беруге және дәлелдер келтіруге; әкімшілік сот ісін жүргізу барысында туындайтын барлық мәселе бойынша өз дәлелдерін келтіруге; прокурордың өтінішхаттары мен наразылықтарын сотта қарауға қатысуға құқығы бар.

Төрағалық етуші: Сіздерге құқықтарыңыз бен міндеттеріңіз түсінікті ме?

Тараптар: - түсінікті.

Соттың іске қатысушылардың өтініштерін шешуі

Төрағалық етуші: - тараптар өтініштеріңіз бар ма?

Талап қоюшы: - келесі сот отырысына жылжымайтын мүлікті тіркеу органдарынан жер-қадастрлық ісін алдырту, себебі оның ішінде жерді беру туралы толық құжаттары бар.

Төрағалық етуші: - жауапкер және мүқделі тұлға, аталған өтінішке пікірлеріңіз қалай, қарсылықтарыңыз бар ма?

Тараптар: - қарсылығымыз жоқ.

Істі қараудың басталуы

Төрағалық етуші: істі мәні бойынша қараудың басталғанын жариялаймын. Талап қоюшы, талап қоюды қолдайсыз ба?

Талап қоюшы: талап қоюымды толық қолдаймын, қанағаттандыруын сұраймын.

Төрағалық етуші: Жауапкер, қойылған талапты мойындайсыз ба?

Жауапкер: — талаптармен толық келіспейміз, біздің іс-әрекетімізде заң бұзушылықтар орын алған жоқ. Талаптарды қанағаттандырусыз қалдыруды сұраймын.

Төрағалық етуші: -Тараптар істі бітімгершілік келісімімен немесе дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеуге ниет білдіресіздер ме?

Талап қоюшы: - жер қайтарылса, келісемін.

Жауапкер: - біздің іс-әрекет заңды, татуласыға қарсымыз, оңдай құзыретімізде жоқ.

Іске қатысушылардың түсініктемелері

Төрағалық етуші: Талап қоюшы, сізге сөз кезегі беріледі.

Талап қоюшы: Қарағанды қаласы Мұқанов көшесі, 65 мекенжайында 2010 жылдан бері жеке меншігімдегі өндірістік кәсіпорным бар. Биыл көктемде «СтройҚаз» ЖШС қасымдағы жер телімін қоршап, менің жеріме кіріп-шығуға бөгет жасады. Жағдайды зерттеген кезде, алдымыздағы жерді жауапкер заңсыз, менің келісімімсіз ЖШС-ға берілген.

Төрағалық етуші: Жауапкер талаптарға қарсы пікіріңіз қандай?

Төрағалық етуші: Тараптар, куәгерден жауап алу бойынша сіздердің пікіріңіз қандай.

Талап қоюшы: мен қарсымын, себебі ол іске қатынасы жоқ.

Жауапкер: қарсылығым жоқ.

Куәдан жауап алу

Төрағалық етуші: Куәгер өзіңіздің аты—жөніңізді, тұрғылықты мекен-жайыңызды, тараптарға қатыстылығыңызды сотқа баяндаңызшы.

Куә: Есенова Жанар Каіратқызы, 1980 жылы туылған, мекен-жайым Қарағанды қаласы, Ерубаева 50 үй, 20 пәтер. Жұмыс орным «ЮрКонсалт» ЖШС, бас маман. Тараптарға ешқандай туысқандығым жоқ.

Төрағалық етуші: Куә, құқықтарыңыз бен міндеттеріңіз түсінікті ме?

Куә: иә, түсінікті.

Төрағалық етуші: Мүдделі тұлға, бірінші сұрақ қою құқығы сізге беріледі.

Мүдделі тұлға: куәгер, құжаттарды жинастырып, арамыздағы шартты орындау барысында, талап қоюшыға жолығып қандай мәлімет алғаныңызды айтыңызшы.

Куә: иә, жолықтым. Сол кезде талап қоюшы М.Айтбаевқа жер берілуіне қарсылығы жоқ екенін айтқан.

Төрағалық етуші: Куәге, сұрақтарыңыз бар ма?

Тараптар: Сұрақтарымыз жоқ.

Төрағалық етуші: куәгерге тараптардан сұрақтар болмаса жауап алу аяқталды деп жарияланады.

Құжаттарды зерттеу

Төрағалық етуші: Сот іс—құжаттарын жариялауға көшеді.

Төрағалық етуші: тараптар сіздер іс-құжаттарымен таныстыңыздар ма? Іс-құжаттарды жариялаудың қажеттігі бар ма?

Тараптар: Қажеті жоқ, таныспыз.

Істі қарауды аяқтау

Төрағалық етуші: - Талап қоюшы, жауапкер, іс материалдарын дәлелдемелермен толықтыруға ниеттеріңіз бар ма? Мәлімдеулеріңіз және толықтыруларыңыз болмаса істі мәні бойынша қарау аяқталды деп жариялаймын.

Сот жарыссөзі

Төрағалық етуші: - Сот жарыссөзіне көшеміз. Талап қоюшы сізге сөз беріледі.

Талап қоюшы: — талап арызымызды толық қанағаттандыруын сұраймын.

Төрағалық етуші: Жауапкер, сізге сөз беріледі.

Жауапкер өкілі: - талаптарды мойындамаймын, қанағаттандырусыз қалдыруыңызды сұраймын.

Репликалар

Төрағалық етуші: Тараптар, сіздерде репликалар бар ма? Қосарыңыз бар ма?

Тараптар: репликалар жоқ.

Шешім шығару

Төрағалық етуші: Сот шешім шығаруға кетеді. Сот шешімі 23 шілде сағат 9-00 жарияланады.

Шешімді жария ету

Сот шешімінің резолютивтық бөлімі жарияланады:

Шешім бойынша сұрақтар бар ма? Болмаса, сот шешімі он жұмыс күн ішінде түпкілікті түрде шығарылады және сіздерге пошта байланысы арқылы жолдананды.

- Сот отырысын жабық деп жариялаймын.